



# Ислам банкингі



# Мазмұны

**03** Қысқаша тұжырымдар

**04** Әлемде ислам банкингінің дамуы

- Белсенді өсу себептері
- Жұмыс істеу қағидалары

**07** Ислам банктері дамуының өңірлік құрылымы

- Ұлыбритания тәжірибесі
- Түркия тәжірибесі

**13** Қазақстандағы ислам банкингі

- Нарықтың әлеуеті
- Базалық шарттар

**18** Қосымша

**19** Қолданылған әдебиеттер тізімі



# Қысқаша тұжырымдар

Ислам банкингі – көрсетілетін қаржылық қызметтердің тез дамып келе жатқан сегменті. Бұған әлемде мұсылман халықтар санының артуы және банк әлеміне заманауи технологиялардың енуі септігін тигізуде. Діни негізге қарамастан, ислам банктері де дәстүрлі банктер секілді өздерінің пайдаларын еселендіруге тырысады.

Ислам банктерінің жұмыс істеу қағидалары көптеген заманауи қаржы институттарына жақсы жағынан үлгі бола алады: мақсат – жанталасып, тек пайда табу ғана емес, сондай-ақ адамдар мен қоршаған ортаға залал келтірмей әділ әріптестік, іскерлік қарым-қатынас орнату.

Қазақстанда ислам банктері әжептеуір өсімге қол жеткізгенімен, шынын айту керек, олар әлі дамудың бастапқы сатысында келеді. Осыған байланысты біз бұл жұмыста жекелеген елдердің даму модельдерін қарап, елімізде ислам банкингін дамытуға септігін тигізеді-ау деген негізгі тетіктерді белгіледік.

Қазақстанда ислам банкингінің әлеуеті өте жоғары және ол әлі толық дамымаған: елде халықтың басым бөлігі ислам дінін ұстанады, ал бұл ретте ислам банктерінің өнімдері халық пен бизнестің ағымдағы қажеттіліктеріне толығымен сәйкес келеді деуге болады.



# Әлемде ислам банкингінің дамуы

Ислам банкингі – көрсетілетін қаржылық қызметтердің тез дамып келе жатқан секторы. Ол ислам құқығы – Шариғат қағидаларына негізделген. Діни негізге қарамастан, ислам банктері де дәстүрлі банктер секілді барынша пайда табуды көздейді. Исламдық қаржыландырудың негізгі ерекшелігі ақшаның рөлін қалай түсінуге байланысты. Мұнда ақша – айырбас құралы, оларға пайыздар есептелмейді. Ал тәуекелдер тараптар арасында бөлінеді. Тәуекелдерді өз клиенттерімен бөлісу – ислам банкингінің маңызды ерекшелігі. Бұл жөнінен ол дәстүрлі банктер мен венчурлық ұйымдар арасынан орын тебеді.

2022 жылдың басына қарай әлемде жұмыс істеп жатқан банктердің саны шамамен 21.5 мыңдай болды. Олардың 316-сы (1%-дан сәл ғана жоғары) толыққанды ислам банктері болып саналады. Сонымен қатар әлемде дәстүрлі банктерде 250 ислам терезелері\* бар.

## Әлемде шамамен 21 500 банк бар

**1%**  
Ислам банктері

Дереккөз: Refinitiv, Banker Almanac


\* Ислам терезелері - дәстүрлі банктердегі бөлімдер немесе бөлімшелер. Олар клиенттерге Шариғат қағидаларына сәйкес қаржылық өнімдер ұсынады және қызметтер көрсетеді.



**Совокупные активы исламских банков за последние 3 года демонстрировали в среднем более 15% роста (2016-2021 – 10.1%) и по итогам 2021 года достигли 2.8 трлн долларов – это 2% от активов всего мирового банковского сектора [1].**

1-сурет. Ислам және дәстүрлі банктердің активтерінің серпіні

Дереккөз: Refinitiv, Statista



## Белсенді өсу себептері

1. Ислам банкингінің өсуі әлемде мұсылман халықтар санының артуына тығыз байланысты. Ислам дінін ұстанатын адамдар саны 2010 жылдан 2020 жылға дейін 19%-ға өсіп, 1.8 млрд адамға жетті (жер шары халқының 23%-ы). 2050 жылға қарай, мұсылмандар саны 2.8 млрд адамға жетіп, жер шары халқының 30%-ын құрайтын болады [2].
2. Дүниежүзілік банктің деректері бойынша мұсылман халқы басым елдердің экономикалары соңғы 20 жылда 263%-ға өсіп, олардың жиынтық ЖІӨ-дегі үлесі 3%-дан 14%-ға жоғарылады. Мұндай өсім көрсетілетін қаржылық қызметтерге, оның ішінде мұсылман емес елдердегі инвестициялық құралдарға деген сұранысты арттырды [3].
3. Заманауи цифрлық АТ шешімдерді белсенді түрде енгізу ислам банктері көрсететін қызметтердің қолжетімділігі мен тартымдылығын арттыра түседі. Global Islamic FinTech Report 2022 соңғы есебіне сәйкес, әлемде ислам қаржысымен байланысы бар 375 финтех компаниялар жұмыс істейді [4].
4. Әртүрлі мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар тарапынан көрсетіліп жатқан белсенді қолдаулар да маңызды факторлардың бірі. Олар тиісті инфрақұрылымдар жасау, қаржылық жеңілдіктер беру және басқа да шаралар арқылы ислам қаржы жүйесінің дамуына септігін тигізуде.

# Жұмыс істеу қағидалары

Ислам банктері дәстүрлі банктерден мына қағидалар бойынша ерекшеленеді:



## Банктің әріптестігі

Жобаларды қаржыландыру барысында Банк инвесторға айналады, сәйкесінше тәуекелдер мен пайданы клиентпен бірге бөліседі. Осы қағиданың арқасында ислам банктерін венчурлық компаниялар мен классикалық үлгідегі банктердің қандай да бір қоспасы деп қарауға болады.



## Кездейсоқ жағдайларға байланысты пайда табуға тыйым салынған (Майсир)

Бұл қағида бойынша құмар ойындарға, туынды бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге тыйым салынған.



## Өсімқорлыққа жол берілмейді (Риба)

Шариғат қағидаларына сәйкес, ислам банктері кредит бергені үшін сыйақы алмайды және депозиттер бойынша салымшыларға кепілдендірілген пайыздық табыс бермейді.



## Тыйым салынған қызмет түрлерін қаржыландыруға жол берілмейді (Харам)

Ислам банктері исламда тыйым салынған іс-әрекеттерді қаржыландыра алмайды. Мысалы, шошқа немесе алкоголь қолдану, оларды өндіру немесе осындай күнәларды жасауға көмектесу секілді ісәректтер. Сонымен қатар Шариғат бойынша темекі бұйымдарын өндіруге, қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді қаржыландыруға әсте болмайды [5].



## Айқынсыздыққа жол берілмейді (Гарар)

Гарар қандай да бір тарап өзі ие болған ақпаратты келесі тараптан жасырғанда туындайды. Клиент банкке жүгінген кезде барлық қажетті ақпараттарды ұсынады, ал банк шарттың барлық түсініксіз жақтарын айқындап, барлық жасырын комиссияларды жояды.

Заманауи «қаржылық ESG» тұжырымдамасы ислам банктерінің жұмыс істеу қағидаларына толығымен сәйкес келеді: мақсат – пайданы кез келген әдіспен табу емес, адамдар мен қоршаған ортаға залал келтірмей, әділ әріптестік қарым-қатынас орнату.


# Ислам банктері дамуының өңірлік құрылымы

Ислам банктері әлемнің 40-тан астам елінде жұмыс істейді. Олардың ішінде мұсылман халық көп тұратын – Сауд Арабиясы, БАӘ, Кувейт, Малайзия, Индонезия, Пәкістан және Бангладеш, сондай-ақ мұсылман емес елдер – Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Жапония, Қытай және Оңтүстік Африка секілді елдер бар.

Ислам банктері әсіресе парсы шығанағы елдерінде жақсы дамыған. Әлемдегі ең ірі 10 ислам банктерінің 8-і осы аймақта орналасқан. Әрине, олардың бұлай шоғырлануына мұсылман халықтары үлесінің жоғары екендігіне және экономиканың қарыштап дамуына тығыз байланысты.

**2-сурет. 2020 жылға қарай бүкіл әлем бойынша ислам банктері активтерінің картасы.**

Дереккөз: ResearchGate.net



**1-кесте. Ислам банктерінің өңірлер бойынша активтері**

Дереккөз: Refinitiv

Өңір	Ислам банктерінің активтері, млрд АҚШ доллары	Үлес салмағы, %-бен
Парсы шығанағы елдері	1 122	47.8
Таяу Шығыс және Солтүстік Африканың басқа да елдері	777	33.1
Оңтүстік-Шығыс Азия	301	12.8
Оңтүстік Азияның басқа да елдері	78	3.3
Еуропа	67	2.9
Оңтүстік Африка	3	0.1
Солтүстік және Оңтүстік Америка	0.4	0.02
Азияның басқа да елдері	0.2	0.01



## Ислам банктері жұмыс істейтін елдерді 3 санатқа жіктеуге болады:

**1. Ислам банктері жүйелі түрде маңызды.** Ислам банктерінің үлесі жалпы банк секторы активтерінің жиынтық көлемінің 15%-нан асады.

**2. Ислам банктері әлеуетті түрде жүйелі сипатта маңызды.** Бұл елдерде ислам банктерінің үлесі 4%-дан жоғары және 14%-ға жетпейді.

**3. Ислам банктерінің маңыздылығы төмен.** Бұл санаттағы елдерде ислам банктерінің рөлі төмен және олар өз дамуының ең бастапқы сатысында тұр [6].

### 2-кесте. Кейбір елдерді ислам банкингінің жүйелі маңыздылығы бойынша жіктеу.

Дереккөз: [6]

Ислам банктері жүйелі түрде маңызды	Ислам банктері әлеуетті түрде жүйелі маңызға ие	Ислам банктерінің маңыздылығы төмен (4%-дан төмен)
Иран (100%)	Бахрейн (14%)	Тунис (3%)
Судан (100%)	Иордания (до 14%)	Кения (2.5%)
Сауд Арабиясы (51%)	Палестина (10%)	Азірбайжан (до 2.2%)
Бруней (41%)	Пәкістан (9.8%)	Алжир (до 1%)
Кувейт (38%)	Мысыр (до 7%)	ЮАР, США, Канада,
Йемен (27%)	Түркия (7.8%)	Великобритания, другие
Катар (25.1%)	Оман (4.35%)	ОАР, АҚШ, Канада, Ұлыбритания,
Малайзия (21.9%)	Индонезия (4%)	Еуропаның басқа да елдері, Шри-Ланка,
БАӘ (17.4%)		Таиланд, Ливан, Нигерия,
Бангладеш (17%)		Сингапур, Қазақстан (1%-дан төмен)
Джибути (15%)		

Мұсылман елдерінде және халқының басым бөлігі ислам дінін ұстанатын елдерде ислам банктерінің маңыздылығы жоғары. Бұл елдерде ислам банктері идеологиялық басымдыққа ие.

Ислам банкингінің даму әлеуетін дұрыс түсіну үшін зайырлы және орта-мұсылманды елдерде ислам банкингінің даму жолын талдау өте маңызды. Өйткені бұл елдерде олардың дәстүрлі банктермен нарық жағдайында бәсекелесулеріне тура келеді. Бұлар жоғарыдағы жіктелімнің екінші және үшінші тобындағы мемлекеттер.

Осы тұрғыдан алып қарағанда ислам банкингінің Ұлыбритания мен Түркиядағы даму тәжірибесі біз үшін өте қызықты әрі маңызды. Атап айту керек, бұл екі ел өз өңірі мен топтарында көш басында келеді.

# Ұлыбритания тәжірибесі

Ұлыбритания – ислам банкингі (активтері – 7.5 млрд доллар) дамыту жөнінен Еуропадағы ең ірі нарық және осы жағынан көш басындағы мемлекет. Бұл елде толыққанды 4 ислам банкі жұмыс істейді. Олардың үлесі Ұлыбританияның бүкіл банк секторының бар болғаны 0.3%-ын құрайды. Алайда осының өзі барлық еуропалық ислам банкі активтерінің 85%-ына тең [7]. Біздің есеп бойынша Ұлыбританияның банк секторындағы бүкіл жиынтық қарыздың 0.03%-ы және депозиттердің 0.13%-ы осы 4 ислам банкінің еншісінде.

Ұлыбританиядағы ең алғашқы ислам банкі – Al Baraka – 1982 жылы ашылған. Алайда ислам қаржысы тек 2000 жылдардың басынан бастап, мемлекеттің қолдауы арқасында қарқынды дами бастады [8]. Билік бірінші кезекте банктердің барлық түрлеріне түсетін реттеушілік, салықтық және заңнамалық жүктемелерді теңестіруге күш салды. Елде ислам қаржысына қатысты «ешқандай шектеу жоқ, бірақ ешқандай артық жеңілдік те жоқ» деген қағида басшылыққа алынған [9].

Депозиттерді сақтандыру механизмін енгізу де ислам қаржысын дамытуға септігін тигізді. Ислам депозиттері қаржылық қызмет көрсету саласындағы Өтемақы төлеу сызбасына сәйкес, 2015 жылдан бастап сақтандырылды (Financial Services Compensation Scheme, FSCS) [10]. Ислам салымдарының көлемі әсіресе 2018 жылы айтарлықтай өсті. Өйткені бұл жылы салымдарға кепілдік беру сомасы 75 мыңнан 85 мың фунт стерлингке дейін өсті. 3 жыл ішінде ислам банктерінде депозиттер көлемі 84%-ға жоғарылады.

Ұлыбританияда ислам банктері нарығының негізгі сегментін – 80%-дан астамын – ипотекалық несиелер мен коммерциялық жылжымайтын мүліктерді қаржыландыру алып жатыр. Исламдық қаржыландыру бойынша операциялардан түсетін табыстардың 60%-дан астамы ипотекалық несиелерден, ал 30%-дан астамы коммерциялық жылжымайтын мүлікті қаржыландырудан түседі.


## Ұлыбританиядағы ислам банктері теңгерімінің құрылымы, 2021 жыл

### Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері:

ROE  
**6%**

ROA  
**0.5%**

Cost to income  
**74%**



### Активтер

- Ипотека **47%**
- Жылжымайтын мүлік алуға кредит беру **35%**
- Басқа да активтер **8%**
- Бағалы қағаздар **8%**
- Ақшалар мен баламалар **2%**

### Пассивтер

- Клиенттердің салымдары **84%**
- Капитал **8%**
- Банктердің салымдары **5%**
- Басқа да міндеттемелер **2%**



# GATEHOUSE BANK

## Ұлыбританиядағы бір ислам банкінің жетістікке жету тарихы

Фото: Gatehouse Bank

Елде анағұрлым табысты және тез дамып келе жатқан банктердің бірі **Gatehouse Bank**. Ол 2007 жылы Лондонда құрылған. Негізгі артықшылығы – барлық үдерістер цифрландырылған.

Алғашқы жылдары Gatehouse Bank жылжыматын мүлік саласында қаржылық қызмет көрсетуге: ипотекаға және коммерциялық жылжымайтын мүліктерге инвестиция салуға барынша ден қойды:

Алайда уақыт өте келе банк өзінің көрсететін қызметтерінің аясын кеңейтіп, инвестициялық өнімдерінің қатарына: ислам депозиттерін, жинақ шоттарды, инвестициялық қорды және құрылымдық өнімдерді қосты.

Gatehouse Bank-тің дамуы 2021 жылдың қорытындысы бойынша үздік өсімді көрсетті: оның активтер базасы 26.1%-ға өсіп, 1.4 млрд долларды құрады (елдегі ислам банктерінің жиынтық активтерінің 17.5%-ы). 2022 жылы банк мобильді қосымшасын іске қосты. Ол клиенттерге шоттары, балансы, соңғы операциялары бойынша ақпарат алуға, сондай-ақ ақша алуға және оны аударуға мүмкіндік береді.

### Қазіргі уақытта банк мына бағыттарға ден қоюда:

1. Ипотекалық несие беру;
2. Жеке тұлғалардың салымдары;
3. Коммерциялық жылжымайтын мүліктер құрылысын қаржыландыру.

Бәсекеге қабілетті өнімдер мен цифрлық тұғырнамалардың үйлесімі арқасында банк салымшылардың сеніміне ие болды. NPS көрсеткіші 2021 жылдың қорытындысында +55-ті құрады. Бұл Ұлыбританиядағы ислам банктері арасындағы ең жоғары көрсеткіш [11].



# Түркияның тәжірибесі

Түркияда ислам банкингін дамыту белгілі бір дәрежеде халықтың басым бөлігі мұсылман екендігіне тығыз байланысты. Елде жұмыс істейтін 54 банктің 6-ы ислам банкері. Олардың активтері 77 млрд долларды құрайды. Бұл елдегі барлық банкердің активтерінің 7.8%-ына тең. Мемлекет алдағы уақытта олардың үлесін 15%-ға жеткізуді көздеп отыр.

Түркияда ислам банкерінің жалпы жиынтық кредиттік портфелі 20.7 млрд долларды құрайды (барлық банкердің кредиттік портфелінің 6.9%-ы), ал салымдар көлемі 43.1 млрд долларға тең (барлық банкердің депозиттік портфелінің 10.5%-ы).

Елде ислам қаржысының дамуы мемлекетің белсенді қолдауына тығыз байланысты – ислам банкерінің жартысы мемлекеттік банкер [12].

Түркиядағы ислам банкері ел экономикасын несиелендіру ісіне белсене араласуда – кредиттік портфельдің 60%-дан астамы бизнеске берілген қарыздар. Қазір ислам банкері ауыл шаруашылығына қарыз беру бойынша арнайы бағдарламалар құрып жатыр.

Депозит нарығында ислам банкері салымдарының үлесі әжептеуір жоғары. Бұған әсіресе 2018 жылы ислам банкеріндегі салымдарды сақтандыру үшін Салымдарға кепілдік беру қорының құрылуы септігін тигізді. Түркияда ислам банкерін қосқанда, 100 000 түрік лиріне дейін ақшасы бар салымдарға кепілдік беріледі. Халық салымдары – ислам банкері үшін тұрақты ақшалай қор жинау көзі (барлық қорланымның 78%-ы).


## Түркиядағы ислам банкері теңгерімінің құрылымы, 2021 жыл

### Тиімділігінің негізгі көрсеткіштері:

ROE  
**13%**

ROA  
**0.7%**

Cost to income  
**63%**



### Активтер

- Ақша және баламалар **26%**
- Кредиттер **48%**
- Бағалы қағаздар **17%**
- Басқа да активтер **9%**

### Пассивтер

- Клиенттердің салымдары **78%**
- Сырттан қарыз алу **9%**
- Капитал **5%**
- Басқа да міндеттемелер **5%**
- Тәртіптелген борыш **3%**



# KUVEYTTÜRK

## Түркиядағы бір ислам банкінің жетістікке жету тарихы

Фото: Kuveyt Türk

**Kuveyt Türk** банкі 1989 жылы түрік және кувейттік инвесторлар құрған болатын. Құрылған сәттен бастап, банк озық технологияларды енгізіп, сұранысқа ие заманауи банк өнімдерін ұсына бастады. Әртүрлі көрсеткіштер бойынша Kuveyt Türk қазіргі уақытта нарықтың көш басында келеді. Түркияда ислам банкері активтерінің 35%-ы, депозиттерінің 37.5%-ы осы банктің еншісінде.

### Банк инновацияларды белсенді түрде енгізу арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді:

- **1998.** Kuveyt Türk Түркияда тұңғыш рет исламдық кредиттік картаны қолданысқа шығарды.
- **2002.** Ислам банкері ішінде алғашқы болып, халықаралық Visa төлем жүйесіне қосылды.
- **2006.** Банк Түркияда алғашқы ислам инвестициялық қорын іске қосты.
- **2010.** Түркияда және Еуропада алғашқы сукук (ислам бағалы қағазы) қолданысқа шығарылды, кейін Түркияда және бүкіл әлемде екінші деңгейдегі тұрақты тәртіптелген сукуктердің ғаламдық эмиссиясы ұйымдастырылды.
- **2012.** Kuveyt Türk елде клиенттерге интернет және мобильді қосымша арқылы операция жасауға мүмкіндік беретін алғашқы ислам цифрлық банкіне айналды.

- **2019.** Банк «Kuveyt Türk Assistant» жаңа сервисін іске қосты. Ол клиенттердің тәжірибесін жақсарту және қызмет көрсету үдерісін тездету үшін жасанды интеллект пен машиналық оқытуды пайдалана бастады.
- **2021.** Банк «Kuveyt Türk Digital Concierge» виртуалды көмекшісін іске қосты. Ол мессенджерлер және басқа да арналар арқылы клиенттерге кез келген банк операциясы бойынша көмектеседі.

Банктің Түркияда және шет елдерде барлығы 425 бөлімшесі бар: ислам депозиті, несие беру, ипотека, кредиттік карта, сақтандыру және басқа да қаржылық өнімдер мен қызметтер ұсына отырып, бизнесін одан әрі дамытуда [13].



# Қазақстандағы ислам банкингі

Елімізде ислам банкингін дамыту 1995 жылдан бастау алады. Осы жылы Қазақстан Ислам даму банкінің қатысушысы атанды. Бұл ретте ислам банктерін заңнамалық реттеу тек 2009 жылы ғана толығымен қалыптастырылды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда толыққанды 2 ислам банкі жұмыс істейді: «AI Hilal» «Ислам банкі» АҚ пен «Заман-Банк» «ИБ» АҚ.

AI Hilal» «Ислам банкі» АҚ – Қазақстандағы ең алғашқы ислам банкі. Ол 2010 жылы құрылған және активтері бойынша әлемдегі ең ірі ислам банктерінің бірі – AI Hilal Bank PJSC-тің еншілес банкі.

1991 жылы коммерциялық банк ретінде ашылған Заман банк, құрылымдық қайта ұйымдастыру шарасын жүргізіп, ислам банкінің банктік және өзге де операциялар жүргізу лицензиясына ие болды.

Соңғы 5 жылда елімізде ислам банктері активтерінің орташа өсімі 18%-ға жетті. Бұл көрсеткіш барлық банктер тұрғысында 12%-ды ғана құрады. Өсу қарқыны жоғары екендігіне қарамастан, ислам банктері активтерінің үлесі қазақстандық банктердің жиынтық активтерінің 0.2%-ынан аспайды. Ислам банктерінің депозиттік портфелінде де, кредиттік портфелінде де корпоративтік клиенттер басым.


## Қазақстандағы ислам банктерінің теңгерімдік құрылымы, 2021 жыл

### Тиімділігінің негізгі көрсеткіштері:

ROE  
**1%**

ROA  
**0.5%**

Cost to income  
**58%**



## Активтер


- Ақшалар және баламалар **36%**
- Корпоративтік қарыздар **46%**
- Басқа да активтер **8%**
- Ипотека **8%**
- Тұтынушылық несиелер **2%**

## Пассивтер

- Капитал **40%**
- Клиенттердің салымдары **36%**
- Басқа да міндеттемелер **10%**
- Реверсивтік мұрабаха (Даму қоры алдындағы міндеттемелер) **13%**

### 3-ші сурет. Қазақстанда дәстүрлі банктер мен ислам банктерінің табыстылығын өзара салыстыру

Дереккөз: ұйымдардың сайттарының деректері



### 3-кесте. Ислам қаржысы нарығына қатысушылардың ұсынатын қызметтерін өзара салыстыру

Дереккөз: ұйымдардың сайттарының деректері

Қатысушылар	Ипотекалық несие беру	Тұтынушылық несие беру	Бизнеске кредит беру	Лизинг	Қарточкаларды шығару және оларға қызмет көрсету
Al-Hilal	✓	✓	✓	✓	✓
Заман Банк	-	✓	✓	-	-
Қазақстандық Иджара компаниясы	✓	-	✓	✓	-
Al Saqr Finance	✓	-	✓	✓	-
Tauyab	-	-	-	✓	✓

## Нарықтың әлеуеті


2021 жылғы Ұлттық халық санағы деректеріне сәйкес, мұсылман халықтың айтарлықтай бөлігі (1 млн адамнан астам) Түркістан, Алматы, Жетісу және Жамбыл облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында тұратындығы анықталды. Жалпы мұсылман қауым еліміздің оңтүстік және батыс өңірлерінде, дәлірек Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында жақсы шоғырланған (өңірлерде тұратын халықтың 70%-дан астамы).

Қазақстанда мұсылмандардың жалпы саны 13.3 млн адамға жетеді (бүкіл халықтың 69%) [14]. Олардың ішінде 16-62 жас аралығындағы 1.6 млн адам бес уақыт намазын үзбейтіндер [15].

Демографиялық құрылымға баға бере отырып, жеке тұлғалардың жинақ ақшаларынан құралған ислам салымдары нарығы болашақта 200 млрд теңгеге дейін жетуі ықтимал. 2022 жылдың соңында ол 29.7 млрд теңгені құрады (әлеуетті деңгейдің 15%-ы). Ақшалай қор жинау деңгейі осылай жоғарылай беретін болса, өтімділік бойынша нормативті ескерсек, кредиттік портфельді 147.7 млрд теңгеге дейін кеңейтуі мүмкін. Сәйкесінше ислам банктеріндегі депозиттер мен кредиттердің үлестері жиынтық кредиттік және депозиттік портфельдің 0.4 және 0.6 пайыздық тармақтарына дейін өсуі әбден мүмкін.


#### 4-ші сурет. Өңірлер бойынша мұсылмандар саны

Дереккөз: Санақтың қысқаша қорытындысы, 2021



#### 5-ші сурет. Депозиттік және кредиттік портфельдің ұлғаю әлеуеті

Дереккөз: ҚРҰБ деректері, Jusan Analytics есептеулері



Көп елдердегі ислам банкингінің дамуын талдай отырып, мына жайттарға көз жеткізуге болады. Көп жағдайда ойдағыдай дамудың базалық өлшемшарттары мыналар:

- Кепілсіз тұтынушылық несие беру (бөліп төлеу);
- Автокөлік алуға несие беру – лизинг (иджара);
- Тұрғын үй алуға несие беру (жилищная мурабаха).

## Базалық шарттар

Көп елдердегі ислам банкингінің дамуын талдай отырып, мына жайттарға көз жеткізуге болады. Көп жағдайда ойдағыдай дамудың базалық өлшемшарттары мыналар:

1. Реттеудің тең шарттары;
2. Ислам банктеріндегі салымдарды сақтандыру;
3. Инвестициялау құралдарының болуы;
4. Ислам банктерінің бәсекеге қабілеттілігі

## Реттеудің тең шарттары

Қазақстанда ислам банкингінің дамытудың елеулі факторларының бірі – ол тең дерлік реттеу жүктемесі. Бұл ретте 2021 жылы «к4» пруденциалдық нормативін теңестіру – шешуші мәнге ие болды. Төмендегі кестеде дәстүрлі банктер мен ислам банктерінің нормативтерді орындауларына қатысты талаптар көрсетілген.

### 4-кесте. Дәстүрлі банктер мен ислам банктеріне арналған пруденциалдық нормативтердің талаптарын салыстыру

Дереккөз: [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)

Пруденциалдық нормативтер	Дәстүрлі банктер	Ислам банктері
консервациялық буфер бойынша талаптар	2%	2%
жалпы тәуекел коэффициенті	8%	8%
валюталық тәуекел коэффициенті	8%	8%
операциялық тәуекел коэффициенті	8%	8%
к4	30%	30%
к4-1	100%	100%
к4-2	90%	90%
к4-3	80%	80%
к4-4	100%	100%
к4-5	90%	90%
к4-6	80%	80%

## Ислам банктеріндегі салымдарды сақтандыру

Қазақстанның ислам банктеріндегі салымдарға кепілдік беру механизмі жоқ. Жүргізілген талдауға сәйкес көп жағдайда салымдарға кепілдік беру механизмінің болуы ислам банктеріндегі депозиттік портфельдің сенімді түрде өсуіне септігін тигізеді.

Әлемде ислам салымдарына кепілдік беретін 20-дан астам қор жұмыс істейді. Олардың жұмыс істеу қағидасы дәстүрлі қорлармен бірдей: ислам банктері өздерінің тәуекел бейініне қарай қорларға тұрақты түрде сақтандыру жарналарын төлейді. Алайда дәстүрлі салымдарға да ислам салымдарына да кепілдік беретін қорлар бар. Бұл жерде басты шарт – ислам банктерінің жарналары бөлек басқарылады және Шарифатқа сәйкес келетін қаржы құралдарына ғана жұмсалады.

## Инвестициялау құралдарының болуы

Ислам банктері толыққанды жұмыс істеулері үшін еркін өтімді активтерді инвестициялау құралдарын жасау қажет. Қазіргі уақытта Қазақстанда ислам банктерінің қаражаттарын табыс алуға жұмсай алатын бағалы қағаздар (сукуки) жоқ. Ұлыбритания тәжірибесіне сүйенсек, басы артық еркін өтімділікті инвестициялау құралдарының болуы – ислам банкингінің дамытудың маңызды шарттарының бірі.

Сукуки ислам қаржы институттарына капиталдарды тартып, оларды әртүрлі жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте пайыздық мөлшерлеме қолданылмайды. Өйткені оған исламда тыйым салынған. Ислам банкингінде пайыздың орнына бірлескен үлестік меншік қағидасы жұмыс істейді. Сол арқылы инвесторлар түскен пайдадан үлес ретінде табыс алып отырады.

## Ислам банктерінің бәсекеге қабілетті қызметтер көрсетуі

Ислам банктеріне бәсекеге қабілетті өнімдер жасау қиын. Өйткені инфрақұрылым жеткілікті дамымаған. Мысалы, қазақстандық ислам салымдарының табыстылығы 8%-дан аспайды. Ал дәстүрлі мерзімсіз депозиттердің орташа табыстылығы 16.3%-ды құрайды (2023 наурызында). Сондай-ақ қазақстандық ислам банктері дәстүрлі банктердің цифрлық инфрақұрылымына теңесе алмайды. Олар өздерінің экожүйесін жасамайды және клиенттер үшін қосымшалар шығармайды.

Бұл әрине, кредиттік портфельдің құрылымына да әсер етеді. Дәстүрлі банктер жеке тұлғаларға несие беру нарығын белсенді түрде дамытуда. Ал исламдық банктер негізінен корпоративтік секторда шоғырланған.



# Қосымша. Ислам банктерінің қаржы құралдары

## Мудароба

**Депозиттің формасы.** Мұнда салымшы ақшасын банктің басқаруына береді. Ал банк оны инвестициялық жобаларға жұмсайды.

## Иджара

**Лизингтің исламдық баламасы.** Мұнда банк мүлікті сатып алып, клиентке пайдалануға береді. Кейіннен мүлік оның меншігіне өтеді.

## Мурабаха

**Қаржыландыру құралы.** Мұнда банк клиентке қажетті тауарды сатып алып, оған үстіне үстеме баға қойып, сатады. Клиент қарызды бөліп төлей алады.

## Вакала

**Депозиттің бір түрі.** Мударобадан өзгешілігі сол, банк клиентке белгілі бір табысты төлеуге кепілдік береді.

## Кард Хасан

**Пайызсыз қарыздардың түрі.** Жеке тұлғаларға әр түрлі мақсаттар үшін беріледі (білім алу, үйлену, бизнес ашу және т.б.). Қаржыландырудың бұл түрінің қызметі коммерциялықтан көрі, діни сипатқа ие.



# Әдебиеттер тізімі

1. **Islamic Finance Development Report 2021. (2022)** [https://www.refinitiv.com/content/dam/marketing/en\\_us/documents/gated/reports/report-2021-all-color2.pdf](https://www.refinitiv.com/content/dam/marketing/en_us/documents/gated/reports/report-2021-all-color2.pdf)
2. **The Future of World Religions: Population Growth Projections, 2010-2050 (апрель, 2015)** <https://www.pewresearch.org/religion/2015/04/02/religious-projections-2010-2050/#:~:text=As%20a%20result%2C%20according%20to,the%20first%20time%20in%20history.>
3. **Arab world GDP.** <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.CD?locations=1A>
4. **Global Islamic FinTech Report 2022** <https://www.dinarstandard.com/post/global-islamic-fintech-report-2022>
5. **Исламдық қаржыландырудың негізгі тыйымдары.** <https://alsaqr.kz/islamskie-finansy/osnovnie-zapreti>
6. **Сидоренко К., Ресей федерациясында ислам банкингінің даму үрдістері (2017),** [https://dspace.spbu.ru/bitstream/11701/11291/1/Tendencii\\_razvitiya\\_islamskogo\\_bankinga\\_v\\_Rossijskoj\\_Federacii.pdf](https://dspace.spbu.ru/bitstream/11701/11291/1/Tendencii_razvitiya_islamskogo_bankinga_v_Rossijskoj_Federacii.pdf)
7. **Islamic finance: global trends and the UK market 2022 (ноябрь 2022),** <https://www.thecityuk.com/media/u0oh3ri4/islamic-finance-global-trends-and-the-uk-market.pdf>
8. **Ұлыбританияда исламдық қаржыландыру қағидаларының дамуы** [https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment\\_data/file/503492/2015047\\_Is\\_Fin\\_A5\\_AW\\_RUS\\_WEB.pdf](https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/503492/2015047_Is_Fin_A5_AW_RUS_WEB.pdf)
9. **Ұлыбритания ислам банкингі жүйесін енгізген үлгілі мемлекет ретінде.** <https://islam-today.ru/ekonomika/velikobritania-kak-primer-vnedrenia-sistemy-islamskogo-bankinga/>
10. **Financial Services Compensation Scheme** <https://www.fscs.org.uk/Search/Index/?q=Outlook%20report#>
11. **Annual Report and Financial Statements 2021.** <https://gatehousebank.com/downloads/Gatehouse-Bank-Annual-Report-2021-FINAL-web.pdf>
12. **Turkey Islamic Banking Growing; Operating Environment Difficult (май 2022).** <https://www.fitchratings.com/research/banks/turkey-islamic-banking-growing-operating-environment-difficult-12-05-2022>
13. **Annual Report 2021.** <https://www.kuveytturk.com.tr/medium/document-file-5507.vsf>
14. **Санақтың қысқаша қорытындысы (2021)** [https://stat.gov.kz/for\\_users/national/2020](https://stat.gov.kz/for_users/national/2020)
15. Jusan Analytics есептеулері 2021 жылғы халық санағы деректері мен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Қазақстан Республикасындағы діни ахуал туралы» сауалнамасы негізінде орындалды

**Авторлар: Сұңғат Рысбек, Куандықов Ануар**

Жұмысты дайындауға көмек көрсеткендері үшін жекелей алғыс білдіріледі: Еркін Нұрбековке (CEO, Wahed Invest CIS), Мәдина Тукуловаға (Head of AIFC Islamic finance & business hub)

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz